



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Қазақстанда магистратура, докторантура және резидентура бағдарламалары бойынша жетекші шетелдік ЖОО-ларға түсу үшін қажат қабылдау жалғасып жатыр, деп хабарлайды Egemen.kz.

Өтінімдер 14 қазанға дейін Egov.kz мемлекеттік қызметтер порталында қабылданады. Тағылымдамадан өту үшін қажат қабылдау 5 қыркүйекте басталып, 14 қазанға дейін

## «Болашақ» стипендиясына құжат қабылдау жалғасып жатыр



жалғасады.

«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеу толығымен автоматтандырылған және онлайн режимде өтеді. Ол 3 кезеңнен тұрады: кешенді тестілеу, тәуелсіз сарапшы комиссия мүшелерімен жеке әңгімелесу және кадрларды шетелде даярлау жөніндегі республикалық комиссия отырысында құжаттарды қарау.

Үміткерлер конкурстық іріктеуге қатысу үшін 2 негізгі құжатты ғана ұсынуы керек - «Болашақ» бойынша оқуға ұсынылатын жоғары оқу орындар тізіміндегі шетелдік университеттен шақыру, сондай-ақ нәтижесі В1 деңгейінен кем емес мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы сертификат.

Конкурстық іріктеуге кез келген қазақстандық қатыса алады, жас шектеуі жоқ. Өтінім тапсырған кезде академиялық білім алу және кейінгі еңбекпен өтеу мерзімі зейнеткерлік жастан аспауы тиіс.

Биыл магистратура мен резидентурада оқу үшін 385 стипендия, докторантура бағдарламасы бойынша 60 стипендия бөлінді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Мемлекет басшысы Грузияның Премьер-министрін қабылдады

Мемлекет басшысы Грузияның Премьер-министрі Ираклий Гарибашвилиді қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz. Ақордаға сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ираклий Гарибашвилиге ілтисат білдіре отырып, екіжақты ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын, сондай-ақ бірлескен күш-жігерді жұмылдырудың маңызды екенін атап өтті.

«Сіздің сапарыңыз табысты болады деп үміттенемін. Сапарыңыздың бағдарламасы өте тығыз екенін, Қазақстан мен Грузия арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретін бірқатар кездесу жоспарланғанын білемін. Бізді достық және көпжақты ынтымақтастықтың берік арқауы байланыстыратынын айтқым келеді. Біздің міндетіміз – осы достық қарым-қатынастарды жалғастыру және одан әрі дамыту», деді Президент.

Кездесу барысында Қазақстан мен Грузия арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар олар көлік-логистикалық іс-қимылдарға да ерекше назар аударды. Көршілес Қытайға тікелей шығатын мүмкіндігі бар болған-



дықтан, Қазақстан өз нарығын Орталық Азияға ашылатын қақпа ретінде қарастыруды ұсынады. Мемлекеттер аймақ елдері арасындағы байланыстарды нығайту үшін зор маңызы бар Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша серіктес саналады.

Ираклий Гарибашвили кездесуге мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, өз елінің ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін тағы да нақтылады.

«Біздің достық және көпжақты ынтымақтастығымыз жақсы дамып келеді. Мен маңызды мәселемен келдім. Екіжақты қаты-

настарды дамытуға, барлық сала бойынша байланыстарды кеңейтуге мүдделіміз. Елдеріміз арасындағы тауар айналымы ұлғайып келеді. Бірінші жартыжылдықта бұл бағыттағы көрсеткіш 150 пайызға өсті. Әрине, байланыстарды кеңейту үшін әлеуетіміз мол. Біз өзара қарым-қатынастарды, ынтымақтастықты және достықты бағалаймыз», деді Грузия Премьер-министрі.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грузия Президенті Саломе Зурабишвилиге сәлемін жолдады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## БЫЛ 592 МЫҢНАН АСТАМ АДАМҒА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРІЛДІ

2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 115,3 мың отбасындағы 592,3 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Биыл осы мақсаттарға бюджеттен 83,8 млрд теңге бөлінді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, АӘК отбасының әрбір мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табысы өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен азаматтарға тағайындалады.

Бұдан басқа, АӘК көрсетудің жаңа тетігін іске асыру шеңберінде еліміздің барлық өңірінде табысы аз отбасылардың мектеп жасына дейінгі балаларын кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде.

«2022 жылғы 1 шілдеде АӘК алушылар қатарын-

дағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі 154,9 мың бала азық-түлік және тұрмыстық химия жиынтығы түрінде әлеуметтік топтама тағайындалды», делінген хабарламада.

Естеріңізге сала кетейік, биыл қаңтар айындағы ТЖ режиміне байланысты 2021 жылдың 4 тоқсанында АӘК алған азаматтарға төлемдер 2022 жылдың 1 тоқсанына автоматты түрде ұзартылды. Бұл ретте жаңа алушыларға Электрондық үкімет порталы арқылы атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш беру мүмкіндігі берілді.

Қазіргі уақытта қазақстандықтар АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығында, сондай-ақ egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы бере алады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Ауыл шаруашылығы министрлігі қаржы институттары берген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау түрінде агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қолдауды жалғастырып жатыр. Бұған дейін субсидиялау жылдық 17 пайыздан аспайтын номиналды сыйақы мөлшерлемесі бар кредиттер бойынша жүзеге

## Қаржылай көмек кімге, қалай беріледі?



асырылған болатын.

Енді қағидалардың жаңа редакциясына сәйкес, субсидиялау Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі мен жылдық 7,5 пайыз теңгемен жиынтық көрінісі ретінде есептелген номиналды сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерлемеді жүзеге асырылады.

Бұған дейін сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тетігі ауыл шаруашылығы

техникасын, жабдықтар мен ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, негізгі құралдарды сатып алуға, құрылысқа арналған қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін 10 пайызға, айналым қаражатын толықтыру бойынша 7 пайызға, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге 9 пайызға төмендетуді көздеді.

Егер қарыз шартын жасасу кезінде базалық мөлшерлеме жылдық 14 пайызды құраса, бұл жағдайда субсидиялауға жататын номиналды сыйақы мөлшерлемесі 21,5 пайыздан аспауға тиіс. Қарыз алушы номиналды сыйақы мөлшерлемесінің 6 пайызын төлейді, Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі мен 7,5 пайыз жылдық пайыздық жиынтық сомасы мен қарыз алушының теңгемен төлеген 6 пайызы арасындағы айырманың нәтижесінде алынған номиналды сыйақы мөлшерлемесінің қалған бөлігі мемлекеттік бюджеттен субсидияланады (сыйақының номиналды мөлшерлемесі 21,5 пайыз болған кезде АӘК субъектісі 6 пайыз төлейді, мемлекет 15,5 пайыз субсидиялайды).

Субсидиялауға мынадай

бағыттар жатады: ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықтарды сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, негізгі құралдарды сатып алуға, құрылыс салуға (хн, минералдық сулар және алкогольсіз сусындар өндіруге арналған негізгі құралдарды

сатып алуға арналған қарыздарды қоспағанда) арналған. Сондай-ақ өндірістік процестің технологиялық циклі үшін қажетті айналым қаражатын толықтыру мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналып та субсидия ұсынылады.

«Осылайша, осы бағдарлама шеңберінде қолдау шарттары қаржы нарығындағы өзгерістерге жедел ден қою мақсатында Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесін ескере отырып қайта қаралды және бұл субсидиялау қағидаларына жиі өзгерістер енгізу қажеттілігін жояды. Жоғарыда аталған жаңалықтар ағымдағы жылдың 25 шілдесінен бастап күшіне енеді», делінген ведомство хабарламасында.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Дархан Жазықбаевтың төрағалығымен ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде а.ж. бірінші жарты жылдығының жұмыс қорытындысы бойынша мәжіліс өтіп, жиында мемлекеттік қызметті дамытудың өзекті мәселелері пысықталды. Күн тәртібіндегі маңызды мәселе – әдеп нормаларын сақтау, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

### Қоғам мемлекеттік қызметшілердің бойынан жоғары мәдениеттілікті көргісі келеді



Кеңес барысында Агенттік Төрағасы Дархан Жазықбаев «Қоғам мемлекеттік қызметшілерден олардың біліктілігімен қатар әдептілігін, ашықтығын, адалдығын, адамгершілік қасиетін және жоғары мәдениеттілігін талап етеді» деп атап өтті.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында, кейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі мәжілісте сөйлеген сөзінде «...мемлекеттік қызмет жүйесін іс жүзінде сервистік және клиентке бағдарланған болуы үшін қайта жаңғырту» қажеттілігін атап өтті.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жаңа сын-тегеуріндерді шешу жаңа редакциядағы Әдеп кодексын қабылдауға себеп болды.

Кодекс теадалниеттілік, адалдық, әділеттілік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану іспетті мемлекеттік қызметтің әдептілік қағидаттары айқындалды.

«Бұл ретте «клиентке бағдарланған» мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және мемлекеттік қызметтерді көрсетуде

ашықтық қағидаттарын сақтау бойынша басым талаптар қарастырылған», – деп атап өтті Агенттік Төрағасы.

Жиында Әдеп жөніндегі кеңестердің жұмыс қорытындылары айтылды. Әдеп жөніндегі кеңестермен 82 отырыс өткізіліп, онда барлығы 542 мәселе қаралды. Оның ішінде, тәртіп тікістер – 189, профилактикалық бағыттағы мәселелер – 321 немесе шамамен 60%.

Осылайша, Әдеп жөніндегі кеңестердің қызметі көбінесе этикалық нормаларды бұзудың алдын алуға және мемлекеттік қызметшілердің заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Осы жұмыстың арқасында әдеп нормаларын бұзғаны үшін жазаланған адамдардың саны жыл сайын азайып келеді. Атап айтқанда, соңғы екі жылда олардың саны 2 есе азайған.

Әдеп жөніндегі кеңестермен 2393 ұсыным енгізіліп және 96% орындалды. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде 1323 азаматтың құқығы қалпына келтірілді. Әдеп жөніндегі кеңестердің ұсынымдары негізінде 32 мемлекеттік қызметшіге қолданылған тәртіптік жазалардың күші жойылды, 63 тәртіптік іс тоқтатылды.

Жұмыс уақытын жүйелі түрде бұзуға жол бермеу жөніндегі жұмыс нәтижесінде 1047 қызметшіге қосымша демалыс сағаттары берілді. Үстеме жұмысқа заңсыз тартылған қызметкерлерге 38 млн. теңгеден астам ақшалай өтем ақы төленді.

ҚР МҚИА баспасөз қызметі.

### Партиялық бақылау комиссиясы жөніндегі қоғамдық кеңес отырысы өтті

«AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы болып өтті. Кеңестің төрағасы Б.Тұрғанбаев ашып, жүргізіп отырды. Бекітілген жоспарға сәйкес, аудандық Полиция бөлімі бастығы, полиция подполковнигі Ж.Нысанбаев атқарған жұмыстарына баяндама жасап, кеңес мүшелері тарапынан ұсыныстар айтылды;

«Абайлаңыз балалар» акциясы, аудан көлемінде өтетін жол қауіпсіздік ережелері туралы;

Мектеп оқушылары түнгі рейд кезінде орын алған жағдайға ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды насихаттау бойынша;

2022 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі басшысы

Н.Айдаровқа;

Ауданымыздағы білім ошақтарына қатысты айлық жалақы және қосымша қаржылар туралы;

Мемлекеттік бағдарламалар аясында кадрларды орналастыру бойынша;

Созақ аудандық «Тіркеу және жер кадастр» бөлімшесінің маманы Жанкелов Мақсат баяндама жасады. Кеңес мүшелері тарапынан аталған бөлімге де ұсыныстар айтылды;

Жер алуға шешім арқылы берілетін мемлекеттік тіркеу актісі кезіндегі сол жерге қосымша акті алу бойынша ұсыныстар мен сұрақтар қойылды.

Кеңес мүшелері Ә.Сөлтеков, Г.Әлімбекова, М.Қарғабай, Т.Әбуов, Ж.Төлепбергеновтер тарапынан жергілікті мекеме басшыларына сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

«Созақ үні»-ақпарат».

## ТҮРКІСТАНДА ЗАМАНАУИ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ОРТАЛЫҒЫ БОЙ КӨТЕРДІ

Түркістанда жаңа заман талаптарына сай жабдықтылып, 100 пайыз цифрлық жүйеге қосылған медициналық жедел жәрдем орталығы салынды. «Қазақстандық-Француздық «КАТКО» бірлескен кәсіпорны» ЖШС демеушілігімен бой көтерген медициналық станция 25 бригадаға арналған. Инвестиция көлемі — 1,4 млрд теңге. Еліміздің денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният, облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев бүгін орталықтың жұмысымен танысты. Айта кеткен жөн болар «КАТКО» бірлескен кәсіпорны сонау 1996 жылы Созақ ауданында құмды алқаптың аумағында алғаш қазықтарын қағып, өндіріс орынын ашқан болатын. Содан бері табиғи уранды өңдеумен айналысып келе жатқан бірден бір ірі компания. Осы жылдар ішінде аталған кәсіпорын үздіксіз жұмыс пен бірге ауданымызға көптеген әлеуметтік нысандар салып, демеушілік жасап келеді. Кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілік шеңберіндегі іс әрекеттері тек біздің ауданда ғана емес, облыс, республика аумағын да да көрініс табуда. Кәсіпорынның негізгі мамандары Қазақстанның әр аймағынан тартылса да, негізгі жұмыс күшін Созақ ауданының адамдары құрайды. Сонымен, заманауи үлгіде жасақталған орталықта жедел жәрдем автокөліктері шақыртуларға дер кезінде медициналық көмек көрсету үшін де фибриллятор, кардиостимулятор, кардиоверсия, кардиомонитор, электрокардиограф, ИВЛ аппараттарымен, оттегімен



және электрлік, механикалық сорғыш аппараттарымен қамтылған. Жедел жәрдем станциясы жылына 70 000 - ға жуық шақыруға шыға алады.

— Түркістан облысында медицина саласында істеліп жатқан жұмыстар жеткілікті. Жаңа нысандар салынып, дәрігерлердің біліктілігін арттырып, цифрландыру, жедел жәрдем көліктерімен қамту жұмыстары өз ретімен жүргізіліп келеді. Бұл, өз кезегінде, өңіріміздегі аталған саланың одан әрі дамып, өркендеуіне жол ашады деп білемін. Жаңа жедел жәрдем станциясына инвестиция салған «Қазақстандық-Француздық «КАТКО» бірлескен кәсіпорнына» ризашылығымызды білдіреміз. Түркістанда халықаралық стандарттарға сай заманауи емдеу орталықтары жұмыс істейтін болады, — деді Өмірзақ Шөкеев.

Жедел жәрдем стансасы 4 категориялық санат бойынша «алтын сағат» қағидасына сай жұмыс істейді. Орлықта сондай-ақ АҚШ-та біліктілігін арттырған облыс мамандары қызмет көрсетеді. Жалпы облыс бойынша 140 жедел медициналық жәрдем бригадалары шақыртуларға қызмет атқарады. Өңір қажеттілігі 96 пайызға қамтылған. Облыста жедел жәрдем қызметінің кластері құрылып, ауылдық және қалалық жедел жәрдем қызметтері орталықтандырылған. Нәтижесінде науқастарға жету уақыты барынша азайып, қызмет көрсету сапасы айтарлықтай артты. Сонымен қатар, Түркістан қаласында медицина саласын дамытуға күш салынууда. Біріккен Араб Әмірліктерінің қолдауымен «Ана мен бала орталығының» құрылысы жүріп жатыр.

Нұржамал МАЙУСОВА.

## Мемлекеттік қызметтерді бағалауды жүргізетін болады

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев мемлекеттік органның 2022 жылдың бірінші жарты жылдығы бойынша жұмысын қорытындылады.

Мәжіліс барысында мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту және халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі басымдықтары айқындалды.

«Мемлекет басшысының Жарлығымен Агенттікке жаңа функциялар – мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша мониторинг пен талдау жүргізу, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделеу жүктелді.

Бұл жұмыс арнайы әзірленген әдістемені ескере отырып, денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау салаларында жүргізілетін болады. Талдау жұмысының нәтижелері Президент

Әкімшілігіне 2023 жылғы 20 қаңтарға дейін енгізіледі», – деп атап өтті Агенттік Төрағасы.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңға соңғы түзетулермен «қоғамдық маңызы бар қызмет» деген жаңа ұғым енгізілді, ол үздіксіз негізде жүзеге асырылатын және қоғам өкілдерінің заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталатын болады.

Бұдан былай мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудан бөлек, Агенттік қоғамдық мониторинг шеңберінде қоғамдық маңызы бар қызметтерді бағалап, оларды ұсыну сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар шығарады.

Бүгінгі күні қызмет алушылар тарапынан шағымдарды күтпей, қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуына және бас тарту негіздеріне қашықтықтан мониторинг жүргізу жұмысы оң нәтижесін көрсетуде. Бұл қызме-

т алушылардың шағымдарын күтпей-ақ, тиісті шараларды қабылдауда проактивтілік пен жеделдікті қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қорғау мәселесі және ол туралы ақпараттандыру ерекше маңызға ие болып отыр.

Жыл басында 5 мыңнан астам түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарында 50 мыңға жуық түсіндіру плакаттары мен ақпараттық баннерлер орналастырылды.

Нәтижесінде 111 қызмет алушының құқықтары қорғалып, қалпына келтірілді. Бұл өткенжылдың тура осы кезеңімен салыстырғанда 18%-ға (91), ал 2020 жылмен салыстырғанда 42%-ға (64) артық көрсеткіш.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Баспасөз қызметі.

# Судың да сұраушысы, шаруаның іздеушісі бар «2»

Газетіміздің 16 шілде күнгі №51 санында «Судың сұраушысы, шаруаның іздеушісі бар» деген тақырыпта мақала жариялаған болатынмын. Ендігі жерде сол мақалаға қайта оралуға және әрі қарай өрбітуге тура келіп отыр. Себебі, мақаланың тақырыбында жазылып тұрғандай, шілде айы болған соң, ауданымызда судың да, шаруаның да дауы көбейіп тұр. Егер естеріңізде болса, газетіміздің №51 санында аталмыш егістіктерге су жеткізіп беру бойынша ауданымызда жұмысшы топ құрылғандығын сөз еткен едік. Мұнан алдын, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі «Біресек» магистральды су каналының бойында егістік егіп отырған шаруаларды жиып, шілде уақытында суды ысырапсыз, әділ әрі тиімді пайдаланайық деп, өзара пәтуәласқанымызды жазған едік. Аудан әкімінің өкімі шыға салысымен жұмысшы топ әлемде, елімізде және өңірімізде орын алып отырған аптап ыстықты ескеріп, көп ұзатпа «Біресек» магистральды су каналының бойын аралап қайтқан едік. Бұл жайында да аталмыш мақалада жазғанбыз. Нәтижесінде, жұмысшы топ судың шаруаларға заңдылығына орай бөлінуін қадағалап, әр тарапты да қанағаттандырған нәтижеге қол жеткізген едік. Дегенмен, жер дауы мен жесір дауы қанымызға сіңіп кеткен ел емеспіз бе, араға бір апта салып су дауы қайта көтерілді. Өйткені, шілденің шіліңгір ыстығы есепті «Біресек» каналының басындағы құрылғыдан шыққан 405 литр судың көлемі 90 литрге кеміп, 310 литрге түсіп кеткен және әркім өзін ойлап суды жолдан бұғаттап тастау орын алған. Әсіресе, түнгі мезгілдерде су жығып алушылардың қатары көбейген. Нәтижесінде, каналдың ең төменгі жағында отырған шаруаларға баратын судың көлемі 20 литрге



дейін төмен түсіп кеткен. Міне, осы жағдай жөнінде өткен аптаның соңына қарай жұмысшы топқа шағымданған шаруалардың арызын қанағаттандыру мақсатында осы аптаның басы, дүйсенбі күні тобымыз «Қазсушар» мекемесінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, «Біресек» су каналының бойында егіс егіп отырған шаруаларды магистральды Шолаққорғанға кіре берісіне жинадық. Жиынға Әбубәкір Сахиұлы, Берік Қуанұлы, Қайрат Тайұлы мен Нұрбол Қасымбекұлы секілді азаматтар бастаған т. б бірнеше шаруалар қатысты. Сонымен, жұмыс барысында «Қазсушар» мекемесінің бас инженері, жұмысшы топтың мүшесі Наятов Рамазаннан құрылғыдан шыққан судың 90 литрге кеміп, 310 литрге төмендеп кеткенін естідік. Сөйтіп, каналдың жоғары жағында отырған шаруалардың лимиті таусылғандарына кететін шлюздарды жаптырып, Шолаққорған ауылының жоғарысындағы Балдусу, Жанкелдин және Сыпатаев көшелеріне, Жеткеншек елді мекенінің маңында егіс және бау-бақша егіп отырған шаруаларға және «Нұрғайша апа» бауы мен бассейніне, сондай-ақ, Қарасуан даласында

отырған шаруаларға су жеткізетін цемент арықтардың басына барып, бөлінген сулардың көлемін анықтадық. Бұл ретте, бізге «Қазсушар» мекемесінің мамандары жәрдемші болды. Қолдарындағы құрылғылар



арқылы жоғарыда айтылған 310 литр судың 45 литрі Шолаққорған ауылының үш көшесіне, Жеткеншек елді мекенінің маңындағы егістіктерге 88 литрі, «Нұрғайша апай» бауы мен егістік жеріне 20 литрі және Қарасуан даласындағы ша-

руаларға 70 литр ғана судың кетіп жатқанын анықтадық. Сонымен, Қарасуанға кетіп жатқан қалған 70 литр суды да қадағалау үшін каналдың бойын аралап, әрі қарай жол тартып кеттік. Не керек, жолдағы шаруалардың тиемелі суын алғаны бар және заңсыз су жыққаны бар айналып келгенде каналдың ең төменінде отырған шаруалар Б. Мейірбеков, Т. Жақаев, Н. Қамшыбеков пен үш ағайынды Матеновтерге бар-жоғы 20-ақ литр су келіп тұрғанын анықтадық. Дегенмен, каналдың жоғарысында отырған лимиті таусылған шаруалардан қысылған судың есебінен дәл осы құлаққа дейін 90 литр су алып бардық. Бірақ, бұл су да мұндағы шаруалардың мұқтажын толық қамтымайды деп ұйғарып, жоғарыдағы шаруалардан тағы да 10-20 литр су алып беруге шешім қабылдадық. Сөйтіп,

бастаған шаруаларға алғысымызды айта кеткеніміз жөн шығар.

Сөз соңында. Байқап отырғандарыңыздай, мәселені май шаммен қарап уақытша шешкендей болып отырмыз ғой. Тек, мұның да уақытша нәрсе екенін өздеріңіз де түсінген шығарсыздар. Біраз уақыттан бері ауыл және су шаруашылығы мәселелеріне араласып, басы-қасында жүрген менің ойымша бұл мәселені түбегейлі шешпесе болмайтынға ұқсайды. Олай дейтінім, бір жағы су жетіспеушілігінен, бір жағы төрт түлік малдың егістігіне түсіп кетіп әбден ығырын шығарған шаруалардың қатты ашуланғандары сондай, әй бірін-бірі соққыға жығып, сотқа беруден тайынбайды-ау. Тайынбайды-ау дегенім де жұмсақ айтылғандық па деймін кейде. Себебі, кеше осы басқосуға шақырылған қайсыбір шаруалар өздерінің жергілікті билікке, осы суға қарайтын мекемеге деген сенімдері қалмағанын, енді тек сотта жолығатындарын айтып жатты. Мұнымен де қоймай: «Егер тағы да осылай су жығып қолыма түссе оңдырмаймын» деп жатқандарды көзіміз көрді. Демек, бұл су дауын шешу кезек күттірмейді деген сөз. Бұл жайында аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы және жұмысшы топтың өкілдері боп дөңгелек үстелдің басына отырып шешпесек болмайтындай. Өйткені, бұл су тапшылығы жылдан-жылға артпаса кемімейін деп тұр. Әрине, бұл бүкіл әлем бойынша өзекті мәселе боп тұр. Ендеше, сол дөңгелек үстелдің басына жиынылып, ауылшаруашылығы, оның ішінде егін егуге байланысты мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын қарастыратын күнге дейін амандықта болайық, ағайын!

**Данияр БЕК.**

**Мен жеке кәсіпкермін және шағын бизнесім бар. Айтыңызшы, маған зейнетақы жарналарын қалай аударуға болады?**

Жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ, жеке практикамен айналысатын адамдар жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары болуға және өз пайдасына және өз жұмыскерлерінің пайдасына алынатын табыстың 10 пайызы мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге тиіс. МЗЖ мөлшерінің төменгі және жоғарғы шегі бар: олар ең төменгі жалақының 10 пайызынан төмен болмауы және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан жоғары болмауы тиіс.

Айта кетейік, жеке кәсіпкер

## Сауалға жауап береміз

табысты өз бетінше анықтайды. Егер қандай да бір кезеңде табыс болмаса, онда кәсіпкер тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 10 пайызы есебінен БЖЗҚ-ға өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге құқылы.

Егер кәсіпкердің МЗЖ қолма-қол ақшасыз аудару үшін екінші деңгейдегі банкте шоты болмаса, жарнаны төлем құжаттарында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының деректемелерін көрсете отырып, банк немесе Қазпошта бөлімшелері

арқылы қолма-қол ақшамен салуға болады. Төлем құжаттарына қоса берілетін тізімдерде өзі туралы, сондай-ақ, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан қызметкерлер мен жеке тұлғалар туралы мынадай мәліметтерді енгізу қажет: ЖСН, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, жарналардың сомасы және кезеңде (ай/айлар, жыл) төленетін міндетті зейнетақы жарналары). Бұл жағдайда әрбір ай бөлек көрсетілуі керек. Бұл мемлекеттік бюджеттен базалық зейнетақы есептеу үшін маңызға ие жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін есепке алу үшін

қажет.

**Уақытша қиындықтарға байланысты менің жұмыс берушім біраз уақыт жалақы төлемеді. Егер мен ресми түрде жалданып жұмыс жасасам, алдыңғы айларда өзіме міндетті зейнетақы жарналарын аудараламын ба? Мен алғым келетін несиені мақұлдағанды қалаймын.**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын салымшылар салымшының агенті, яғни жұмыс беруші аудару арқылы төлейді. Бұл ретте «Азаматтарға арналған үкімет» мем-

лекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аудару арқылы өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын мынадай жеке тұлғалар ғана төлей алады:

- жеке кәсіпкерлер;
- жеке нотариустар;
- жеке сот орындаушылары;
- адвокаттар;
- кәсіби медиаторлар;
- азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар;
- бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер.

Осылайша, егер сіз жоғарыда аталған тұлғалар санатына жатпасаңыз, онда МЗЖ есебінен қалыптастырылған жеке зейнетақы шотын өз бетінше толтыру мүмкін емес.

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы орталығы.**

**«Жанында жүр жақсы адам» деген ой түрткіні көп оқып білсекте, тіптен жанымызда емес, жадымызда жүрген азаматтарды көзі тірісінде жадырағып жаза алмағанымыз рас.**

Өмірден озған кісіге «тие берсін ғана тиеді» деген тіркес сөзді ғана пайдаланамыз..

Өтер өмір, келер қоғам, замандар,

Кеудемде көп күмәнім бар, алаң бар

Мына өмірге тастап кеткен

**Мыңжасар АСҚАРУҒЫ:**  
**Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.**

құрдас болып келетін Есенсары қария, әрі молда үйге келіп, қос жастықты қолтығына қысып, қалың көрпеше үстінде жантая жатып: - Асеке, биыл қыс қатаңдау болатын сияқты кешегі апта ыстықтың қайтарымы алты айдан соң суық болып келеді емес пе?-деп оң жағына қисая жатып сөзін ары қарай соза түсті. Шу бойынан орылған қамысты ертерек жеткізбесек қыста қиналып қалатын сияқтымыз. Өйткені Шилі өзен мен Қандымсайдан жиналған шөп биыл мазасыздау болды, қыста қар, көктемде жауын шашын аз түсіп,

тия комитеті көп жылдан бері колхоз төрағасы болып еңбек етіп келе жатқан Асқармен ақылдасатынын



төрағасы Жанкеев Аштархан, Бірінші май колхозының төрағасы Оқшиев Шайық. Үштөбе колхозының төрағасы Мықтыбаев Жұмабек болатын. Төрт колхозды біріктіргеннен кейін колхоз төрағалығына менің әкем Рақышев Асқарды Калинин колхозынан алып келіп сайлады. Осы жылы басқа колхоздарда төраға болып жұмыс істеп келген Айқожаев Бұзау қария да туған жері Жартытөбеге көшіп келген еді. Тұлғасы биік, келбетті, батыл адам еді. Ел кәдір тұтатын, жайдарлы мейірімді кісі болатын. Бұл кісілер жүрген жерде алдынан кесе көлденең ешкім өте алмайтын. Әрқайсы туралы бір-бір кітап жазуға тұрарлық тұлғалар еді.

еңбегіне араласып, оның ыстық суығына пісіп келе жатқан азамат еді. Өзінің жағымды іс әрекетімен көзге түсе жүріп, басшылық орынға да ұсынылып сайланған әрі жас келбетті, жүріс тұрысы тұзу, сымбатты жігіт болатын. Бұл да әке жолын қуып, жиендік жасап: "Ауылдың қызығы бар басылмаған, білмеймін не жетпейді осы маған, жүрсем де аунап-қунап, күліп ойнап, түсімнен сен кетпейсін Сәнімжаным" деп жүріп маңғытайдың ханшайымы атанған, стахановшы қозғалысының тоғыз мәрте жүлдегері Сәндікүл апамызды өзіне өмірлік жар етіп алған көркем мінезді жан болатын. Әкесі Есенсары да өнерден кенде емес

# Мынаиы еңбектің биік үмісін көрсеткен жан

**Ауыл шаруашылығы саласының ардагері Есенсариев Ысқаққа-100 жыл**

ізім бар.

Мені ұмытып кетпеңдерші адамдар! – демекші, өмір жолы өнегеге толы, сонау өткен ғасырдың жиырма-сыншы жылдары өмір есігін ашып, саналы өмірін еңбекке арнап, сексенінші жылдары өмірден озған екі майданның ерен еңбеккері атанған қоғам қайраткері Ысқақ Есенсариев туралы қалам тартуды бүгін нәсіп етіп отыр.

Бұл ой,- зерделік аспаннан түсіп отырған жоқ, автордың өз арбасынан түскен теберік, бойтұмар десек болар.

Қаратаудың Теріскей бетінде орналасқан бүгінгі Жартытөбе ауылы осы өңірдің ең шұрайлы жерінің бірі. Қаратау бауырайындағы жылғадан аққан төрт өзен су халықтың қажеттілігін бүгінгі күнге дейін шешіп келеді. Көне көз қариялардың айтуынша кешегі ашаршылық, қиындық кезінде де, халық осы өңірге жақын Жылыбұлақ, Құрсай, Қызылкөл аймақтарына, және Қызыл көз әулие өзені мен Қандымсай жағалауына келіп пана-лағандығын көреміз. Ауданымыздың шежіре көз қариясы болған Есіркеп көкеміздің өз естелігінде сонау өткен ғасырдың басында бір топ ел арқадан ауып Қаратауды жағалай отырып осы өңірге келіп тұрақтағанын айтады. Өйткені бұл жер мал есіріп, егіс егіп, өмір сүруге қолайлы жер болған.

Қиындығы мен ауыртпалығы қатар жүрген сол бір соғыстан кейінгі жылдары ел ақсақалдары бір-бірімен жиі кездесіп, түстеніп шаруашылық, ауыл тұрмысы туралы жиі ақылдасып отыратын. Сондай бір шуақты күндерді кезеңде әкеммен замандас,



құрғақшылық орын алып тұр ғой. Қас қылғанда біздің балада жақын арада оқуын бітіріп келмекші, осы ұжымға басшы болсам деген ниеті бар көрінеді, соған қалай қарайсыз?- деп арасында ойын қоса жеткізді.

-Ия, әлгі Ысқақ баламыз ба! Оны колхоздың атынан өзіміз директорлық курсқа жіберген жоқпыз ба. Сол болмағанда кім бар, әрі жас, әрі маман, аудандық партия комитеті басқа жаққа ұйғарысып қоймаса, осы іріленген колхозға директор болады деп отырмыз. Мені аудандық партия комитеті Құмкент колхозынның төрағалығына ұйғарып отыр, Бұзауда арнайы оқу орнын бітіріп келген Ысқақты қолдайтың сияқты. Жұмабек болса (Мықтыбаевты айтады) жеке шаруашылыққа кетпекші. Ендігі жол сенің балаңдікі.

Бұл сөзді естіген Есенсары қария іштей қуанып қалды. Өйткені аудандық пар-

біледі. Бұл кісінің пікірін білейін деген ойы болса керек. Есенсары қария колхозды құру кезінен бастап шаруашылықтың барлық жұмысына араласып, еңбек еткен ауылдың кәдірлі ақсақалы, әрі кейінгі кезде молдалықпен де айналысатын кәдірменді кісі болатын. Бұл ауылдан қыз алып, қыз беріскен құдалы жегжаттығы да бар. Ол заманда ру сұрасу аса қажет болмағандықтан ба, ол кісіні Жартытөбенің баласы дейтінбіз де қоятынбыз.

Үлкен денелі, сары түсті келген келбетті, сақалы өзіне жарасып тұратын қария болатын. Менің әкем замандас құрдас және еңбекте бірге келе жатқандықтан да болар, әзіл сөздері мен пікірлерін ашық айтып отыратын.

1952 жылы төрт колхоз біріккенге дейін Сталин колхозының төрағасы болып, Салқауов Темірәлі, Жаңатілек колхозының

1953 жылы іріленген төрт колхоздың төрағалығына Есенсариев Ысқақты аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қоспанбетов алып келіп колхозшылардың жалпы жиналысына ұсыныс жасады. Демократияның алғашқы кезеңі болса керек, алтернатив ретінде түскісі келген азулы төрағалар болмай қалған жоқ.

Алайда өзара түсіністік барысында бірауыздан барлығы Ысқаққа жолын беріп, колхоз төрағалығына сайлады.

Ысқақ Есенсариев ағамыз бұл кезде өмір тәжірибесінен өткен, арнайы оқу орны бітірген, шаруашылықты басқаруды енді қолына ала бастаған отыздан асқан орда бұзар кезі болатын. Әке-шешеден өнеге алған, сұрапыл Ұлы Отан соғысының қасіретін бастан көшкен, ауыр жарадар болып елге келіп, аяғынан тік тұрып, тыл майданы

еді, ол да айтысып жүріп апамызға ғашықтығын білдіріп: «Неге мені қинайды мына өмір, дейді ма екен жүрегі қатқан темір, сағынышым басылар емес саған, ауып тұр ғой жаным-ау саған көңіл» деп жүріп жанына серік еткен.

Халқымыздың туған жерді, ардақтау, құрметтеу қасиет тұту-қанға сіңген мінез, ұмтылмас дәстүр. Осы бір қасиетті бойына берік ұстанған Ысқақ, ағасы Налкөненің қолында тәрбие алып оқуды Ащысай кентінде бітіреді, кейін шахтыға жұмысшы болып Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін сол жерде еңбек етеді. 1941 жылы өз еркімен атты әскер қатарында дайындықтан өтіп, 1942 жылы Сталинградты азат етуге 1943 жылы Орел, Сумский, Киев және Житомир қалаларын азат етуге қатысып, ауыр жарақатпен госпиталға түседі. 1944 жылы өзінің туған еліне оралады. Менің замандастарым соғыстан кейінгі елдегі ауыртпашылықты қиыншылықты жақсы біледі деп ойлаймын. Халықтың тұрмысы өте ауыр болатын, жейтін нанға дейін тапшы, жұмыс ауыр, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін шаруашылықтың жұмысынан бас көтере алмайтын. Осы бір қиын кезеңде жаңа біріктірілген төрт колхозды басқару оңай шаруа емес еді. Ол үшін жігерлі, білімді, таза, ұйымдастыру қабілеті жоғары азаматтар ғана басқару қызметінде болатын.

# Мынайы еңбектің биік үлгісін көрсеткен жан

## Ауыл шаруашылығы саласының ардагері Есенсариев Ысқаққа-100 жыл

Міне, осы қиыншылықты бастан өткізген Ысқақ Есенсариев ағамыз 1953 жылдан 1957 жылға дейін іріленген Сталин атындағы колхоздың төрағасы қызметін абыроймен атқарғанын білеміз.

Өте еңбекқор, түні-күні жылдың төрт мезгілінде өтетін шаруашылықтың барлық нақандық жұмысының басы қасында жүретін. Жылағанды сүйеді, қиналғандарға қол үшін берген тұғырлы азамат басшы еді. Қажырлы еңбегінің арқасында, ауданда алғашқы «Победа» машинасын мінгенде осы кісі болатын. Арада аудандық советтің депутаты да болды. 1956 жылы шаруашылықтың барлық салаларында социалистік міндеттемелерін асыра орындағаны үшін ауданның құрмет тақтасына алғашқы ілінгендердің бірі де осы кісі болатын.

Қарақұл тал өзенінен Қызылтас үстіртіне су шығарып егіс егуді қолға алған білікті басшы еді. Ол кезде колхоз бидай, тары қонақ, жүгері дақылдары мен қатар көкөніс егетін. Халық еңбек ақысын қаржылай емес мемлекеттің тапсырмасынан артық қалған өнімнен еңбек ақы алып күн көретін. Қазық халқы қанағатшыл халық қой. Сонда жоғарыдан келген уәкілдер, колхозшылардан жағдайларын қалай деп сұрағандарға, жақсы деп қайтаратын. Мұндай кен пейілді дархан халық бізден басқа халықта жоқ шығар деп ойлаймын. Ұжымдық шаруашылық мүшелеріне Ысқақ барынша адал бола білді. Оқушы кезімізде колхоздың барлық жиын теріміне қатыстық.

Аллаға шүкір сол замандағы қол жұмыстарын бүгінде техника атқарады.

Заманай деп тамсанушы еді бұрынғылар, біздің жастық кезіміздегі осы жетістіктерді кейінгі ұрпақ көргенде ғой дейтін. Менде өткенді айта отырып, «заман-ай» деп бүгінгі ұрпағымыздың тамаша өмір сүріп жатқанына «тәубе» деймін. Бір ауыз сөзбен айтсам, қанаттыға қақтырмай адал еңбекке тәрбиелеген сол кездегі Ысқақ ағамыз сияқты басшыларға рахмет айтар едім.

Жүсіп Баласағұн айтпақшы:

Тірі өледі, жер-қойыны жа-



тағы,

Ізі қалар жақсы болса атағы - демекші бәріне оқиғалар куә, уақыт сыншы, әрі емші. Биыл Ысқақ Есенсариев ағамыздың жүз жылдығы өтіп жатқан шақта, арада қаншама жыл өтіп кетсе де, ер есімі ел есінде демекші ол кісінің көзін көріп еңбегің айту маған парыз болмақ.

Ысқақ бірде Шу бойынан шаршап келіп қатты ұйқыға кетсе керек.

Ұйықтап жатып түсінде Мыңжылқы жақтан ақ көйлек киген, қолында қамшысы бар біреу жақындап келе жатады да, ақ боз атқа айналып кетеді де кілт бұрылып артына қарап «біз сені күтіп жүрміз!» дегендей дауыс білдіреді. Ұйқысырап жатып шошып оянып, «япыр-ай мұнысы қалай мені ол жаққа алып кетпекші ме?» деп, әкесіне айтады. Әкесі Есенсары қарияның құмалақ ашатыны да бар болатын. Бірақ баласының түсін өзі емес, Асқарға келіп жорытпақшы болады. Асқар! сен әзіліңді қой, сенің де тамыр ұстайтының бар еді ғой, осы түсті сен жорышы,- дейді. Атағаның болса қуана бер балаң Мыңжылқының астындағы колхозға басшы болады, ақ боз ат жақсылықтың белгісі дейді. Есенсары қария баласына бұл түстің шешімін айтты ма жоқ па білмеймін, 1957 жылы Ысқақ басқарып отырған Сталин колхозы Калинин колхозына біріктірілген кезде Ысқақ Мыңжылқының астында орналасқан Абай колхозына ауысып біраз жыл басшы қызметте еңбек етіп, Жартытөбе совхозына 1963 жы-

лы келіп, алғашқы кезде жұмысшылар комитетінің төрағасы, кейін 1966 жылы совхоздың бас агрономы болып 1985 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін қызмет атқарды. Бас агроном науқан кезінде директордан кейінгі екінші тұлға болатын. Осы жылдары Жартытөбе совхозы аудандағы алдыңғы қатардағы совхоздардың біріне айналды. Құмкент совхозымен жарыстас еді, мал басын өсіру болсын егіс көлемін артыру жағынан алдында болатын. Әсіресе бағарадан ақ

«Өлмейтұғын қайсың бар, бір күн сапар үзілмек. Кәдіріңді алдырмай, түзу келде, түзу кет» демекші, өмір жолында қадір қасиетін жоғалтпай, адал еңбегімен, пайым парасатымен, ел құрметіне бөленген, халқы сүйген аяулы азамат Ысқақ ағамыз зейнеткерліктің дәмін ұзақ көре алмай кеткен тұғыры биік тұлға болатын. Өте қарапайым, көп сөзге жоқ, не айтса да нанғыш, кісілік келбеті жоғары, мейірім-шапағаты мол жан еді.

Бүкіл ғұмырында шынайы



егіс көлемін артырып, мол астық жиналған еді. Мұның барлығы агрономның жауапкершілігі көтеретіні анық.

Сөзіміздің басында айтқандай, Ысқақ ағамыздың іскерлік қабілетінің жоғары екенін, оның күні түні тынбай еңбек етудің арқасы болар осы совхозда бір орында бас агроном болып жирма жылдан астам уақыт жұмыс атқарды.

еңбек жолының биік үлгісін көрсете білген жан.

Бүгінде Ысқақ ағамыздан өскен ұрпақ, құдайға шүкір еліміздің әр аумағында еңбек етіп, бірі ғалым, бірі ұстаздық жолын тандаса, енді бірі нағыз еңбек азаматы болып, өсіп өніп қанатын кең жайған әулетке айналған.

Есімде 1971 жылы әкем қатты ауырып төсек тартып

қалды. Күнделікті әдетім бойынша жұмыстан келісімен әкеме кіріп жағдайын сұрап шығатынымын. Кірsem Есенсары қария екеуі құшақтасып, бір-бірінен кешірім сұрап жылап отыр екен. Сөздерім бөлмейін деп шығып кеттім. Недеген дархан жүректі, пейілдері кен, таза жандар десеңізші. Кешірім сұрай білуде ерлік екен-ау дедім. Сол жылдары қариялар бір-бірін үлкен құрметпен күтіп алып, шығарып салатын. Олар апта сайын бір үйде түстеніп, салихалы әңгімелер айтып отырушы еді. Ойымда қалған, сол кездегі қариялар Бұзау, Уәли, Дәрмен, Айдарбек, Кеңесбай, Басалқа, Нысанбек, Есберген, Қалмаханбет, Кәрібай, Ыбырай, Жүнісбек, Аймағанбет, Абылай, Адырбек, Әсілхан, Сыздық, Дәулетбек, Күлай ағамыз, Масаты, Қалия, Ақшайым, Түймебай, Әлжан, бабatalық Сопбек, Қыдырбай, Керімбек, Ырысжанова Палау апаларымыз сияқты қариялардың бір-біріне деген құрметі ерекше еді.

Тау жақтан қоңыр салқын жел еседі, жазғы күнгідей ыстық самал жел емес ызғарлы сияқты ма қалай, ерте оянған Ысқақ тау бөктеріндегі ұзын жолмен таң атпай сырғып келіп, шөпшілер қауымының алдына келіп тоқтағаны сол, киіз үйден шыға келген ақ сары келген әзілқой қатын: «Оу басқарма! Үйдегі әйелің таң атпай қуған ба сені? - не болды?» деп әзілдей жөнелді.

-Қарасайдың ауасын тереңірек жұтсам ба деп ертерек келдім, ғұмырлы өмірдің тірлігі таусылған ба, тау шатқалын тағы да күн шықпай бір көрсем деп едім,- деді әзілге шынайы жауап беріп. Жайқалған бүлдірген, қызыл жасылды гүлдер, көкмайса шалғын, сарқыраған өзені, тау шағаласы, суға басын бір тығып жан-жағына қарап қоятын кекіліктерде біреуді күткендей. Бұл келісі өзі аунап-қунап өскен өлкемен сонғы қоштасу екенің қайдан білсін.

Мүмкін, бұл дүние пенденің сынағы екенін түсініп, азат еркін, шынайы өмір сүрудің жарқын үлгісін көш емес, дәл уақытында бағамдай алғаны болар.

# ЖЕЛЕ ЖОРТЫП ЖЕТІ БЕЛГЕ ШЫҚТЫҢ БА?

Журналист – қаламгер, “Созақ үні” газетінің байырғы тілшісі Кәрібай ӘМЗЕҰЛЫ 70 жаста

## Шынайы шәкірттік мінезім

Ұлы Әмірші – Уақыт керуені толассыз қозғалыс үстінде. Алғаш қызметке араласқан еңбек жолымда жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар сілттеп, іс қағаздарымен жұмыс жасауды үйреткен Кәрібай ағай да жетпіс атты жастың желкенін керіпті.

...Аудандық мәслихатта ол кезде санаулы ғана адам болатын. Жұмыс болса, бастан асады. Тұрақты комиссиялардың отырысы, сессияға дайындық шаралары жауапкершілікті талап етеді. Сайлау науқаны да мәслихатты айналып өтпейді. Осы толассыз шаруалардың басы-қасынан табылатын да сол баяғы Кәрібай ағай. Осында қатардағы қызметкерден инспектор деген лауазым иеленіп, кейіннен аудандық әкімшілікке ауыстым. Менің мұның бәрін айтып отырған себебім – мәслихатта жүргенде ағайлардан қалай жұмыс істеу керектігін үйреніп, тәжірибе жинақтадық. Қазір соның пайдасы тиіп жүр.

Ағайдың бір жақсы қасиеті «білсем» деп тұрған жасқа білгенін үйретуден жалықпайды. Оның үстіне түрлі кеңсе қағаздарын қалай жазу керектігін үйретуінің өзі бір мектеп. Менің байқағаным, ағайдың қолынан шыққан іс қағаздары қыздың жиған жүгіндей болып, жып-жинақы, бас-аяғы ықшам, оқуға жеңіл болып келеді. Анықтама, баяндама жазудың да хас шебері.

Қысқасы, жазу-сызу үшін жаратылған жан. Мәдениеттілігі өз алдына. Қарапайымдылығы жастарға үлгі боларлықтай.

Өз мамандығына деген адалдығы да – ағайдың айта қаларлықтай ерекше бір қыры. Қандай жауапты қызметтерде жүрсе де қолынан қаламсабын тастаған емес. Бұл дағдысынан зейнеткерлікке шыққаннан кейін де жаңылған жоқ. Жалпыұлттық республикалық «Егемен Қазақстан», облыстық «Оңтүстік Қазақстан», «Аталар сөзі», «Қызмет», «Зейнеткер тынысы», «Созақ үні» т.б. да газет-журналдарда әлі күнге дейін әр түрлі тақырыптарда тұрақты қалам тартып тұрады. Уақытының көбі қалада өткенімен, аяулы ата мекеніне жиі келіп, сағынышын басып, таныстарына жолығып, мәре-сәре болып жатады. Бірауық бізге де соғып, әңгімесін айтып, жаңалықтарымен бөлісіп тұрады.

Қырық бір жыл еңбек өтілінің отыз жылдан астамы мемлекеттік қызметке арналыпты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де біраз уақыт еңбектен қол үзбей, тәжірибесін жастармен бөлісті. Жан жары Ханзада апай екеуі 5 ұл-қыз тәрбиелеп, өсіріп, олардан оншақты немере сүйіп отыр. Бәрі де жоғары білімді. Нұрсұлтан, Шымкент қалаларында тұрып, жұмыс жасап жатыр. «Еңбек ет те,


міндет ет» деген осы шығар, сірә? Көркем мінезді, әдемі қартайа білген ағай мен апайдың тілеуі де үнемі солардың үстінде.

Ақынжанды бұл ағамыздың анда-санда, мерейтойлары мен қуанышты сәттерінде аздап өлең жазып қоятын «өнері» де бар. Мәслихатта жүргенде мерекелер мен туған күндерде әріптестеріне достық әзілдер арнап, бәрімізді қыран-топан күлкіге қарық қылушы еді.

Әшейінде жұмсақ мінезді көрінетін жан принципті мәселеге келгенде әділдіктің ақ жолынан таймай, өзінің көзқарасын қорғап тұрып алады. Мұны ол қызмет барысында талай көрсетті де. Сондықтан да оның жерлестері алдында үнемі жүзі жарқын, көпке сыйлы. Өмірінде жіңішкегі шіреніп, жуанға иілмеген ағаның болмысы осындай.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, Кәрібай ағай қазақылықтың қалыбынан шықпаған, әділдіктің ақ туын нық ұстаған, жаны да тәні де таза жандардың санатынан. Бүгінде жетпістің жотасына шығып отырған абзал, азамат ағамызға Жаратқан қуат беріп, дін аман жүре берсін, сексеннің сеңгірін, тоқсанның төрін нәсіп етсін дейміз. Бұл – менің шынайы шәкірттік тілегім.

**Нұршат ТЕМІРБАЙҚЫЗЫ.**



### АРТТЫ ҚАЛДЫ ЖЕТІ БЕЛ

Өмірдің өрлеп өріне,  
Шыдап аптап, желіне.  
Көппенен бірге күн кешіп,  
Жетпістің шықтық төріне.

Өткеннің іздеп өрнегін,  
Тұныққа мөлдір шөлдедім.  
Қолымнан келген қайырма,  
Ешкімнен аяп көрмедім.

Еңкейгенге идім басымды,  
Құрметтеп кәрі, жасыңды.  
Шалқайған таяз жандарға,  
Ұсындым адал асымды.

Қоршаса ойдың орманы,  
Тәуекел – ердің қорғаны.

Жетпіс деген жасыңыз,  
Бір күнгідей болмады.

Бұл жетпісің – күре жол,  
Бірде шүлен, бірде шөл.  
Сағымдай болып бұлдырап,  
Артта қалды жеті бел.

Ұл-қыздарға тілерім –  
бақыт,  
Өздеріңмен көңілім жақұт.  
Қуанайық, алда шөберенің,  
Қолынан май татып.

Тірлікте мынау бес күн,  
Күндеріміз қуанышпен өтсін.  
Бәрінен де мына фәниде,  
Амандыққа не жетсін?!...

### КӘРІБАЙ ІНІМЕ

Інісің жөні бөлек, маған жақын,  
Журналист мамандығы әрі ақын.  
Әр сөзінің үңіліп тереңіне,  
Келісті, көркем сурет салғызатын.

Қаламгерге ең қымбат асыл затың,  
Қаламсабың жаныңа болған жақын.  
Жаныңның алауынан от шығарар,  
Жадау сөзбен былғанса қамығатын.

Екі отыз, бір онға келіпті інім,  
Көтеріп талай істің ауыр жүгін.  
Қаратаудың бойынан қалам тартып,  
Қара сөздің байқатқан ауырлығын.

Теріскейдің өрені ен жүрегі ақын,  
Еліне мұңы жақын, жаны жақын.  
Жырақтау кеткен шақта елді аңсап,  
Жусанын жан-тәнімен сағынатын.

Оқырманға әр жазбаң жағымды әрі  
Айтар сөзің ой тастар бағындағы.  
Сен жетпіске інім-ау, келдім дейсің,  
Жігіттейсің гой әлі бабыңдағы.

Созағыңда біледі ел есіміңді,  
Жаныңды, жатқа бермес сезіміңді.  
Жаныңа жалау болған қаламыңмен,  
Тәтті күндер тербетсін бесігіңді.

**Мыңжасар АСҚАРҰЛЫ,**  
ақын, ҚР Мәдениет қайраткері.



### ТЕРІСКЕЙДІҢ ТҰҒЫРЛЫ АЗАМАТЫ

Адамсың таза, табанды,  
Түсінер жансың қоғамды.  
Қызмет етіп халқыңа,  
Көтердің көкке бағаңды.

Ақылды, абзал азамат,  
Бақытқа жолды бастайды.  
Басына қонып таза бақ,  
Борышын елдің ақтайды.

Теріскей – алтын мекенің,  
Киелі санаған бөкенің.  
Еліңе сінді еңбегің,  
Қайтармай көптің меселің.

Айнамай бір қалыптан,  
Ісіне береке дарытқан.  
Қарапайым, жаны ізгі,  
Қасиетпен өзін танытқан.

Мен өзіңді бір кісідей білемін,  
Адал жансың, таза соғар жүрегің.  
Ұзақ болсын, Алла берген ғұмырың,  
Бақытты бол, отбасыңмен, тілегім.

**Нақышбек ШЕГЕБАЙҰЛЫ,**  
ақын, жазушы,  
Түркістан қаласы.

**Нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы...**

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, саналы ғұмырының еңбек жолын ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына арнаған асыл жан, ардақты әке, қимас бауыр **Айдәрбеков Бағдат Бегманұлының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Жаны жайсаң азаматтың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Мейір шуақ шашып өттің көңілден,**

**Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден. Сыйлы едің көпшілік жұрт, туысқа, Өнеге алып өсті ұрпақ өзіңнен.**

**Енді Алла шапағына бөленіп,**

**Орының болсын жәннаттың кең төрінен,** - деп, асыл азамат Бағдат Бегманұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 7 тамыз күні (6 тамыз – қонақ асы, Т.Аймұрзаев көшесіндегі өз шаңырағында) Шолаққорған ауылы, «НұрАман» дәмханасында сағат 12:00-де беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Айдәрбековтер әулеті.**

**Халқына қымбат жан!**

Жан едің мейірімге жаны толық,  
Жүруші едің өз ортаңның сәні болып.  
Ақ пейіл шат көңілді жан едің сен,  
Арасында достарыңның әні болып.  
Ақылыңмен бауырларың санасатын,  
Мейірімінде өзіңе жарасатын.  
Алысты жақын тартып жүруші едің,  
Бұл сенің бойыңдағы парасатың.  
Туыстың қамын ойлап жүруші едің,  
Арыңның тазасына сенуші едің.  
Көңіліңнің асыл-сезім шуақтарын,  
Шашудай достарыңа себуші едің.  
Қарт жүрегің езілдігің сені ойлап,  
Алланың шарасына амалым жоқ.  
Тірі болсаң жан балам биылғы күз,  
60-жасты өтер едік биыл тойлап.  
Артыңда екі балаң жарың қалды,  
Олардың да жүрегі жараланды.  
Сенбеймін елді деуге балапаным,  
Толтырып өн бойымды зарың қалды.  
Атандың мәдениет қайраткері,  
Іс жасап қызыметте өнегелі.  
Халық сыншы еңбекті көре біліп,  
Бағасын дәл осылай ел береді.  
Өзіңнің еңбегіңмен атақ алдың,  
Адалдығың бұл сенің балапаным.  
Анаң үшін қуаныш әрі бақыт,  
Атына кір келдірмей ата-анаңның.  
Білемін жемісі бұл еңбегіңнің,  
Көтеріп мәдениет өнерінің.  
Халқыңды өз уақытыңда көтердің сен,  
Өнегелі ел болғаның өз еліңнің.  
Қайырымды әділ едің бала жастан,  
Ақсың деп, қарасың деп қарамастан.  
Кетушің тіл табысып тез арада,  
Жоқ едің ешкімменде жағаласқан.  
Сағындым ботам мейірімді қара көзіңді,  
«Анашым» -деп жүректен айтар сөзіңді.  
Жұмақтан орын берсе екеңдеп құдайдан,  
Тапсырдым жаным бір АЛЛАҒА өзіңді.

**Анасы: Бәлшенқызы Гүлзағипа**

**Жұмақтан болсын мекенің...**

Созақ ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл жан, аяулы әже **Смайылқызы Оразкүл** анамыздың өмірден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың нұрлы жүзі жадымыздан өшпек емес.

**Бақыт шамын жақтың ана баршаға,**  
**Жылу тапты ұл-қызың да қаншама.**

**Әруағыңа құрмет тұтып ас**

**бермек,**

**Ниетіміз бар еді ана баршаға,** - деп, асыл анамыз Оразкүл Смайылқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, анамыздың көзін көрген жандардың есіне саламыз.

**Ас – 6 тамыз күні (5 тамыз – қонақ асы) Созақ ауылындағы өз шаңырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, Элтаевтар әулеті.**

**Жарамсыз деп танылсын**

Билисбаев Бекболат Бекзатовичтің иелігіндегі 1994 жылы шығарылған «Mitsubishi Pajero» маркалы автокөлігінің KZ 901 BFZ/13 санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған.

Жарамсыз деп танылсын.

**АНАҒА САҒЫНЫШ**

Апам... Осынау сөздерді айта сала перзенттік сағыныш – шер, ансау – арман, өткен күннің өкініші желдей есіп сала береді. Еріксізден еріксіз «Апам» деп қайталай бергім келеді. Иә, мен анамды «апа» дедім. Перзенттік махаббаттарын «Анашым» деп аялаған қазіргі жастар қандай бақытты...

Бірақ, «апа» деген қарапайым, қазақы сөзде менің барша махаббатым бар еді. Міне, қолыма қалам алып, өткен күндерге кеткен есемді, еркін еркелей алмаған күндерімді сағынышымды ақ параққа төгіп, тізілген әріптер арасынан бала өзімді таптым. Еске алу атты перзенттік парызы, қыз – парызы арқылы кеудеме сыймаған телегей – теңіз сағынышымды суреттей алам ба...

Өзі барда өзімді қандай кереметтен – анаға деген шынайы махаббат кереметінен айырғанымды түсінген деймін. Ақтарыла айтпаппын, жеткізе алмаппын... Мен жүрегіме тереңдемедім анамның... көкірек күй – сандығын ақтармадым... қаншалықты қасында болсам, соншалықты алыс жүріппін. Сары уайымға салынбаймын...сағынамын. Өзіме өзім тоқтам сала отырып, сағынамын. Апам .. ақырғы демі біткенше көкірегінен шер кетпеген, даңғаза – шудан онаша, өзгеше өмірсүрген, айқайлап атпай туған жерін -елін сүйген, бауыр еті – баласын егіле сүйген, жарын ардақтаған жан еді. Қайратты, кезкелген істің шешімін тапқыш, көкірегінде билігі бар адам еді, Әйелге ғана емес ер азаматқа тәністі де қаранардай көтеретін. Тіршіліктегі өсек-аяқ мен қулық



сұмдықтан аулақ жүретін, беталды үй аралап әңгіме айтпайтын. Мен анама қарап өстім.

Анам, Еребаева Құлқаныс Ботанқызы 1935 жылы 28 қарашада Созақ ауданы Шолаққорған ауылында туып, өсті. Орта мектепті бітіріп ақ халатты дәрігер болсам деген арманын аялап Ташкент мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. 1961 жылы дәрігер – эпидемиолог мамандығы бойынша бітіреді. Еңбек жолын 1961 жылы Созақ аудандық санитарлық – эпидемиолог қызметінен бастайды, содан ұзақ жылдар осы саланы қалыптастыруға, дамытуға сүбелі үлесін қосады. 1980-1986 жылдары Созақ аудандық санитарлық – эпидемиологиялық станциясының бастығы қызметін жемісті атқарады. Жемісті еңбектерінің марапаттарына қызыға да, қуана қарайтынмын. Иә, анам аудан санитарлық – эпидемиологиялық саласының алғашқы қарлығашы еді... Күн демей, түндемей, үй көрмей еңбек еткеніне ел куә. Еңбегінің жемісін сонына молынан қалдырған, менің анам емес, елдің анасы еді....

Иә, енді іздеп жүрмін ана-

шымды, мынау қым – қуыт тірлікпен сабылып жүріп, қолын қолыммен сипап, қасына тізе бүгіп отырған-кездерім де аз екен, сол үшін өзімді көшіре алмаймын. Жылдар бойы, өзің барда да ашып айтпағанырларымды, перзенттік махаббатымды осылай ақтарып, өзің жатқан құба-белге қарай ұшырсам, ақ бұлттай қалықтап барып, бауырыңа қонарме екен, Апа?

Шөбересінің есімін кезінде облыс басқарған республикаға танымал, мемлекет және қоғам қайраткері Жансейіт Түймебаевтың құрметіне Жансейіт деп қойған да өзі болатын. Сол Жансейіті бүгінде төрт жасқа толып отыр. Жалғыз ұлы Ермектің қызығын да есімін Асель деп қойған еді. Үміт пен арман алдамайды демекші, сол кішкентай Асель бүгінде атына сай кішігірім кәсіпкер қатарында егеменді өлімізге қызмет жасауда. Өмір ағысы деген осы болар. Артында анамыздың айта жүрерліктей осындай жарқын іздері қалды.

Менің анам 8.07.2020 жылы қайтыс болды ... бұл күн, менің өмірімдегі ең жауапкер күн ... Міне бүгінде сіздің бұл өмірден өткеніңізге 2 жыл болыпты... Сіз сіз көктемнің 2 жылын, жаздың 2 жылын, күздің 2 жылын, қаһарлықтың 2 жылын қарсы алыптың...

Бұл өмірге кім келіп, кім кетпейді. Бірақ, әркімнің анасының атым әңгі жасайтындырдың қатарында тұруы хаһ.

Мен аяулы анам-Апамды сағындым...

**Қызың: Фалия МАЙМАКОВА.**

**Автокөліктегі өрттің қалай алдын алуға болады**

Ірі апаттық отты бақылауда ұстау оңай емес. Әсіресе өрт автокөлікте туындаса. Көліктегі от немен қорқынышты? Жалындаған от бірер секундте автокөлікті отпен орап қана қоймай, сонымен бірге маңында орналасқан объектілерге де көшуі мүмкін. Автокөліктердегі ірі өрттер қайдан туады? Басты себептері – Негізгі себептер – қысқа толқынды тұйықталу, электр құрылғылары мен жанар-жағар май жүйесінің жарамсыздығы. Автодағы тұтанулар

көлік бекетінде ғана емес, қозғалыс кезінде де болады. Өйткені, жол көлігінде жанар-жағар май материалдары мен тұтануға әкелетін от көздері аз емес, сондықтан арқашанда өрт туу ықтималдылығы болады. Көлікте өрт сөндіргіш пен дәрі қордидің ұстаңыздар. Осылардың арқасында сіз өз өміріңіз бен бірге жан жағыңызды да құтқарып қалуыңызға болады. Және де, әрине техникалық эксплуатация ережелерін сақтаған маңызды. Қосымша

электр құрылғылары орнатуда мұқият болыңыз, жанар-жағар май жүйесі күйін әрдайым тексеріп отырыңыз. Әр көлік иесінің жоғары жауапкершілігі ғана автокөліктердегі өрттерді болдырмайды.

**М. ӘЛІМ, Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы азаматтық қорғау лейтенанты.**

**СІЗДІҢ АС ҮЙІҢІЗДЕГІ ЖАЛЫН ҚАУІПСІЗ БЕ?**

Ас үйде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз мыналардың естен шығармауыңызды ұсынамыз: Қараусыз қалып, пісіп жатқан тамақ өрттің шығуына себепші болуы мүмкін. Егер сіз тамақ пісіріп жатқанда уақыт аралығында асүйден шығуыңыз қажет болса, плитаны сөндіруіңіз қажет. Балалардың сіз ас әзірлеп жатқанда конфорка мен электр пештеріне жақын келуіне жол бермеңіз. Плитаның жанына қорғағыш бұйым орнатуды ойластырыңыз. Ас үй орамалын, қолғап пен өзге де тұтанғыш материалдарды пештер мен электр плиталарынан қауіпсіз жерде ұстаңыз.

Тамақ дайындап жатқан майды абайлап қолданыңыз. Майды асықтай қыздырып, ыңғайлы өлшемдегі ыдыста қолданыңыз. Майдың шашырауына жол бермеу үшін жалынды қатты қыздырмау қажет. Су жанып жатқан майды өшірмейді – жанып жатқан майдың үстінен ешқашан су құймаңыз. Жанып жатқан майдың үстіне құйылған су оның одан әрі тез таралып, күйікке шалдығуға әкеледі. Егер тамақ әзірлеп жатқан май жанып кетсе, онда конфорканы өшіріп, ыдыстың қақпағын жауып, оған ауаның өтуіне жол бермеңіз. Ыстық майы бар не майы жанған ыдысты үйге кіргізбеңіз, өйткені жалынның

өршіп, сізді күйікке шалдықтыруы мүмкін. Қақпағын алмас бұрын майдың сууын күтіңіз, өйткені май қайта жануы мүмкін. Егер ас үйде өрт шығып, оны өзіңіздің сөндіруіңіз мүмкін емес екенін түсінсеңіз, құралды өшіріп, дереу «101» телефоны арқылы өртке қарсы қызметіне хабарлаңыз. Ас әзірлейтін жабдықтың ас әзірлеген соң өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Ең бастысы өрт кезінде 101 хабарлаңыз.

**Б. ӘЛИЕВ, Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы азаматтық қорғау майоры.**

## «Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» конкурсын өткізу

### ЕРЕЖЕСІ

#### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Конкурс атауы: «Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» сурет байқауы.

Аумақтық қамту: Созақ ауданы.

«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» сурет байқауы (әрі қарай - байқау) 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні аясында өткізіледі.

#### 2. МАҚСАТЫ

Байқау мақсаты – аудан тұрғындарының бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Байқау мақсаттары:

Аудан тұрғындарының бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы «нөлдік төзімділік» ұстанымын қалыптастыру;

Аудан тұрғындарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін көтеру;

Халық арасында әдеп, парасаттылық, адалдық құндылықтарын насихаттау;

Жас ұрпақтың шығармашылығын қолдау мен дамыту.

#### 3. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Байқау ұйымдастырушысы – Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі (Ұйымдастыру комитеті).

Байқаудың барлық кезеңдерін ұйымдастырудың жалпы басшылығын Ұйымдастыру комитеті атқарады, ол:

Байқауды жариялайды, байқауды ақпараттандыру мақсатында БАҚ тартады;

Өтінімдер мен байқау жұмыстарын қабылдайды және тіркейді;

1.	Ауылдық округ, кент атауы	
2.	Мектептің толық атауы	
3.	Байқауға қатысушының аты-жөні	
4.	Байқауға қатысушының туған кезі, жасы, сыныбы	
5.	Қатысушының телефон нөмірі	
6.	Өтінім ұсыну күні	
7.	Куратордың /ата-ананың аты-жөні	
8.	Куратордың/ата-ананың телефон нөмірі	
9.	Куратордың/ата-ананың электрондық поштасы (іс шараның ету мерзіміне байқау туралы ақпаратты жіберу үшін, поштаның бір адресі көрсетіледі)	
10.	Жеке мәліметтерді өңдеуге, сонымен қатар, жұмыстарымды байқау кезінде және байқаудан кейін пайдалануға келісімді беремін.	ата-ананың қолы

Жұмыстарды байқау талаптарына сәйкестігін тексереді;

Қатысушыларға қажетті консультациялық-әдістемелік көмек көрсетеді;

Ең қызықты жұмыстарды байқауға қатысу мен марапаттауға ұсынады;

Байқау жұмысына қатысуға кәсіби қазылар алқасын шақырады;

Таңдалған қазылар алқасы мүшелерімен бірлесіп жұмыстарды таңдауды ұйымдастырады, байқау финалистерін жеңіске жеткендерін уақытылы хабардар етеді;

Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастырып, өткізеді;

Құжаттар мұрағатын (өтінімдер, қазылар алқасы хаттамалары, қарау бағдарламалары және т.б.), көркемдік жұмыстарды (авторлық жұмыстардың көшірмелерін және т.б.) және басқа да материалдарды сақтайды.

Байқау жұмыстарын жинау кезеңі аяқталғаннан кейін, суреттер Байқаудың қазылар алқасы мүшелеріне табысталады. Оның құрамына кәсіби суретшілер (қазылар алқасының басым бөлігін құрауы тиіс), БАҚ және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері кіреді.

Байқауды ұйымдастыру мен өткізу бойынша жалпы шығындарды ұйымдастырушылар өздері көтереді.

Аудандық БАҚ өткізілетін байқау мен оның жұмыс нәтижелері туралы мәліметтерді таратуға ықпалын тигізеді.

#### 4. СУРЕТ БАЙҚАУЫНЫҢ ӨТУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ГЕОГРАФИЯСЫ

Байқауға Созақ ауданының мектеп оқушылары және 29 жасқа дейінгі жастары қатыса алады.

Байқаудың мерзімі: 2022 жылдың 1 қыркүйегінен 30 қарашасына дейін.

Ұйымдастыру комитеті атына аталған мерзімнен кейін түскен жұмыстар байқауға қатыстырылмайды.

#### 5. ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

Байқау өлшемі	0	1	2	3	4	5
Тақырыпқа сәйкестігі						
Ұсынылған идеяның шығармашылық ойы, жаңалығы, төлдаралығы						
Орындау техникасындағы шеберлік						
Композиция мен түсті шешім						
Ерекше тәсіл: стандарттан тыс техниканы, әдіс пен құралдарды қолдану						
Өнімнің эстетикалығы						

Байқау 3 кезеңде өтеді:

1 кезең: 2022 жылдың 1 қыркүйегінде – өтінімдер мен байқау жұмыстарын жинауды бастау. Қатысушылар толтырылған өтінімді (№ 1 Қосымшаны қара) және байқау жұмыстарын 2022 жылдың 30 қарашасына дейін келесі мекен-жай бойынша ұсынады: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Сұлтанбек Қожанов көшесі, №68 ғимарат.

2 кезең: 2022 жылдың 1-5 желтоқсан аралығында – қазылар алқасы отырысы, байқау нәтижелерін шығару.

3 кезең: 2022 жылдың 9 желтоқсаны – жеңімпаздарды марапаттау.

#### 6. ҚАТЫСУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Байқауға қатысуға келесі байқау тақырыбына сәйкес келетін жұмыстар қабылданады: «Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» тақырыбына көркем жұмыс.

Адалдық, әділдік, парасаттылық, ашықтық мазмұнында салынған суреттер қабылданады (көркем сурет, графика).

Байқауға оқушылар мен жастар шақырылады: 7-29 жас.

Байқау қатысушылары арасында жеке авторлар болуы мүмкін, яғни байқауға қатысу – жеке – әр жұмыстың авторы тек бір қатысушы болуы мүмкін;

Байқау қатысушысы Ұйымдастыру комитетіне қатысуға формаға сәйкес өтінім ұсынады (№ 1 Қосымша) және оған байқау материалдарын тіркейді (қатысушы барлық жұмыстарын Ұйымдастыру комитетіне өз есебінен жолдайды);

Автор өзі ұсынған әр жұмысына авторлық құқық иесі болу қажет;

Жұмыс авторлары байқаудың Ұйымдастыру комитетіне, материалдарды коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануды білдіретін эксклюзивтік авторлық құқықтарын емес, жеке өзінің авторлық құқықтарын ұсынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарды көпшілікке көрсету, автордың аты-жөні міндетті түрде көрсетілуімен іске асырылады;

Қатысушыларға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды;

Байқауға ұсынылған жұмыстар редакцияланбайды;

Бұрын басқа байқауларға қатысқан жұмыстарға жол берілмейді және олар авторлық немесе басқа құқықтар бұзылмау мақсатында, қарастырылмайды. Аталған шарт сақталмаған жағдайда, жауапкершілікті байқау қатысушысы көтереді;

Байқау ұйымдастырушылары жұмыстарды, автордың аты-жөнін көрсетіп, БАҚ-та, әлеуметтік желілерде басқа да коммуникациялық және ақпараттық материалдарда пайдалану құқығын өздеріне қалдырады.

#### 7. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Байқауға қатысу үшін, байқау өткізілгенге дейін 1 жылдан бұрын емес жасалған жұмыстар қабылданады.

Көркем суреттерге (суреттерге) қойылатын техникалық талаптар:

Сурет А3 форматында болуы тиіс.

Сурет салудың кез-келген техникасы қабылданады (қарындаш, гуашь, акварель, пастель, майланған және акрилденген бояулар және т.б.).

Суретке автордың аты-жөні мен жұмыс атауы көрсетілген этикетка тіркелуі тиіс.

Сурет арнайы рамкаға салып өткізіледі.

Аталған талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар байқауға қатысуға қабылданбайды.

Суреттерді байқауға жеткізу 2022 жылдың 30 қарашасына дейін өздігінен іске асырылады – қатысушылардың кураторлары/ата-анасы.

#### 8. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Жеңімпаздарды қазылар алқасының мүшелері осы Ереженің №2 Қосымшасына сәйкес анықтайды.

Байқау нәтижелерін Ұйымдастыру комитеті 2022 жылдың 9 желтоқсанынан қалдырмай жариялайды.

Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар, Байқау ұйымдастырушылар атынан дипломдармен және құнды жүлделермен марапатталады.

Жеңімпаздарды марапаттау 2022 жылдың 9 желтоқсанында іске асырылады. Жүлделер поштамен жолданады немесе байқау нәтижелері бойынша ұйымдастырылған кездесу барысында жеңімпаздарға табысталады.

Марапаттау рәсіміне қатысу мүмкіндігі болмаған жеңімпаздарға, дипломдар мен арнайы жүлделер пошта арқылы келесі 3 апта ішінде жолданады немесе ұйымдастырушылармен жеке кездесу барысында табысталады.

Байқаудың жеңімпаздары Байқау жүлделері мен басқа сыйларды өздерінің шығармашылығын жарнама ету немесе көпшілікке танымал болу мақсатында пайдалану құқығы бар.

#### 9. ЖЕҢІМПАЗДАРҒА АРНАЛҒАН ЖҮЛДЕЛЕР

1 орын – 60 000 теңге;

2 орын – 40 000 теңге;

3 орын – 20 000 теңге;

Ынталандыру сыйлығы (3-еу) – 10 000 теңге.

Байқау жеңімпаздары дипломдарға ие болады.

Байқау ұйымдастырушыларының байланыс деректері:

Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Сұлтанбек Қожанов көшесі, №68 ғимарат.

Байланысушы тұлға:

Жандос Нарқозыұлы – Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің бас маманы, тел.: +7 705 852 4305, email: zh.narkozyuly@ontustik.gov.kz

«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» парасатты азамат, адал ұрпақ байқауын өткізеу туралы Ережеге №1 Қосымша

#### «Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» Сурет байқауына қатысуға ӨТІНІМ

(\*өтінімді байқауға қатысушы толтырады)

Өтінімді толтыру күні

Байқау қатысушысының ата-анасы

(қолы)

(аты-жөні)

«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» байқауын өткізу туралы Ережеге №2 Қосымша

#### Байқаудың сарапшылық парағы

Байқау материалдарының атауы:

Қазылар алқасы мүшесінің/сарапшының аты-жөні:

Сарапшының байқау материалдарына берген бағасы

(байқау қатысушысының аты-жөні, бағасы):

Ұсынылған шкала өлшеміне сәйкес, кестедегі тиісті ұшықты кез-келген белгімен белгілеп, байқау материалдарына баға беріңіз, осылайша, 0 – байқау материалдарындағы өлшемнің ең төменгі белгісі, ал 5 – өлшемнің ең жоғары белгісі:

Ескертпелер, комментарийлер:

Толтыру күні, қолы

#### Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан  
БАКЫТЖАНОВИЧ**

#### Бас редактордың міндетін

уақытша атқарушы:

**Жауапты хатшы:  
Мақсат Қарғабай**

Редакция құрамы:

Ағо тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданамайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығы, ақпарат агенттігін және желілік басшылықты есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолаққорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс  
телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.